

**Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы,  
"Білім беруді дамыту" орталығының «Тілдерді дамыту»  
кафедрасының әдіскері - Бопиева Гульнара  
Турганбаевна.**



## Дархан дала дарабозы

«Ғалым болмай немене, балалықты қисаңыз»

Абай

Қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдыз, қазақ ғылымын биікке көтеріп, ұлтына өле-өлгенше қызмет еткен дара тұлға - Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Ол атағы әлемге әйгілі ғалым-геолог қана емес, өз заманында әлемдік деңгейге жете білген ойшыл ғұлама, ғалым, инженер, заңгер, қаламгер де бола білді.

Қаныш Сәтбаев артынан ғылымның қай саласы болмасын құнды, әрі мол мұра қалдырды. Академиктің геологиядан кейінгі рухани мұрасы ұлттық мәдениет, әдебиет, қазақ этнография және өнермен тығыз байланысты, көпшілікке белгілі педагогика мен әдебиет саласындағы еңбектері бар.

Қаныштың дархан даланың дарабозы, «жеті қырлы, бір сырлы» ұлы тұлға болып қалыптасуына ең негізгі себеп, оның өнегелі отбасынан шыққаны, қазақи тәрбие көргендігі десек те болады.

«Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойланбаған жігітті қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпас», - деген ғалым сөзінен өз ұлтын, халқын үнемі алға қойып, ессіз жақсы көргендігін байқаймыз.

Бірде кеңестік делегациямен Лондонға барған Қаныш Сәтбаевтың Черчиллге айтқаны әлі күнге ел аузында айтылып келеді. Сапар барысында қазақ баласын алғаш көрген Ұлыбританияның әйгілі саясаткері Уинстон Черчилль зор денелі Қаныш Сәтбаевқа тесірейе қарап: «Қазақтардың бәрі сіздей алып па?» – деп сұраса керек. Сонда Қанекен: «О не дегеніңіз, Черчилль мырза, олай емес, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын. Халқым менен де биік», – деп жауап беріпті деседі. Осы бір сөзінен –ақ, қазақ елін биікке көтерген алтын адам бейнесі көз алдымызға елестейді.

Қорыта айтқанда, кез-келген табыс астында үлкен еңбек, қажыр-қайрат, табандылық пен білім жатыр. Әрине, еңбектенсең ғана мақсатыңа жетесің. Сондықтан біз Қаныш Сәтбаевтың еңбек дәрежелерімен мақтанамыз. «Ғылым майданның қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі» демекші ірі ғылым майдангері Қаныштай ұрпақтарымыз көп болсын. Қаныш Сәтбаев есімі ел есінен мәңгілікке өшпек емес.